

**Кіші №1 «Ақ тiн» тобының күн тәртібіндегі тәрбие, оқу қызметінің циклограммасы**  
**Қазан айы, VI апта (19.10-23.10.2020)**

**Өтпелі тақырып: "Менің отбасым"**

**Апталық тақырып: "Алтын күз"**

**Мақсаты:** Балаларға отбасы және отбасы мүшелері туралы түсінік беру, тақырып жайында ұғымдарын кеңейту, өздерінің тұратын көшелері туралы әңгімелету, сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын байыту, отбасында үлкендерді сыйлап, кішілерге қамқор болу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай білуге тәрбиелеу, балабақша мен үйде мінез-құлық қауіпсіздік ережелерін қалыптастыру, туыстық байланыс туралы түсініктерін дамыту.

Күн тәртібі	Уақыты	Дүйсенбі 19.10.2020	Сейсенбі 20.10.2020	Сәрсенбі 21.10.2020	Бейсенбі 22.10.2020	Жұма 23.10.2020
Балаларды қабылдау Ата аналармен әңгімелесу	8.00-8.40	Ата-аналармен балалармен амандасу, Балалардың тазалығы мен дене жарақаты жоқ па тексеру. Дене қызуларын өлшеп, тексеріп алу.				
Ойындар (үстел – үсті, саусақ және т.б)		Дидактикалық ойын: «Не артық?» Мақсаты: еңбек құралдарын ажырату.	"Достық" саусақ жаттығуы. Мақсаты: саусақ маторикасын дамыту, тілін жаттықтыру	Дидактикалық ойын: «Еңбек құралдарын ата» Мақсаты: ойлау қабілетін жетілдіріп, жұмбақ шешуін табуға үйрету.	"Қуырмаш" саусақ жаттығуы. Мақсаты: Санамақ санау, тілін дамыту.	Санамақты үйрету. Мақсаты: Тілдерін жетілдіру, санамақты жаттау, есте сақтау қабілетін жетілдіру.
Таңертеңгілік жаттығу		<b>Ертеңгілік жаттығу кешені №3</b>				
Таңғы ас		Тамақтанар алдында үстелде дұрыс отырып, қасықты оң қолына ұстауын қадағалау. Тамақтарын ұқыпты ішулерін қадағалау. Майлықты дұрыс қолдануларын қадағалау. Астан соң алғыс айтқызуларын үйрету.				

<p>Ұйымдастыр ыған оқу – қызметіне (ҰОҚ) дайындық</p>	<p>8.40-9.15</p>	<p>Сөздік ойын: «Сыңарын тап» <b>Мақсаты:</b>Балалардың ойлау қабілеттерін</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Кемпір қосақ түстер» ойыны. <b>Мақсаты:</b>Балалар түстер арқылы білімдерін кеңейту</p>	<p>«Менің балабақшам» картиналар топтамасынан суреттер қарастыру <b>Мақсаты:</b>Балалар өзінің тобыныңбейнелей білуге үйрету.</p>	<p>Балабақша апайларына көмектесу туралы әңгімелесу <b>Мақсаты:</b>балаларды үлкендерді сыйлауға құрметтеуге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Саяхатшы ойыншық» <b>Мақсаты:</b> Балаларды саяхатқа шығуға қалыптастыру.</p>
<p>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырған оқу қызметтері</p>	<p>9.15-9.45</p>	<p>"Қатынас" <b>1.Көркем әдебиет</b> <b>Тақырыбы:</b> «Алтын дән» (өлең) Күләш Ахметова <b>Мақсаты:</b> Балаларға күз мезгілінің ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру. Еңбекке қызығушылықтарын қалыптастыру және оның нәтижелерін қадірлеуге үйрету. Өлеңді жаттау арқылы сөйлеу тілін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. <b>"Шығармашылық"</b> <b>2.Сурет салу</b></p>	<p>"Шығармашылық" <b>1.Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Апорт деген тәтті алма» Н.Әлімқұлов, Д.Ботбаев <b>Мақсаты:</b> Ән арқылы, ойын арқылы балалардың қызығушылығын арттыру, күзгі бақ туралы түсінік беру. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Жемістер мен көкөністер» <b>"Денсаулық"</b> <b>2. Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Жоғалда серуендейміз» <b>Мақсаты:</b> Балалардан күз мезгілінің ауа райын сұрау.Сызықтармен шектелген (ені 25 см , ұзындығы 2 м ) түзу жолмен жүру.Қол тигізгенге дейін секіру.</p>	<p>"Таным" <b>1.Құрастыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Күзгі жапырақтар» <b>Мақсаты:</b> Балаларға күз мезгілі, оның ерекшеліктері, түстер туралы түсінік бере отырып, кима қағаздан жапырақтарды тәрбиеші көмегімен құрастыруды дағдыландыру.  <b>"Денсаулық"</b> <b>2. Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Бақшада» <b>Мақсаты:</b> Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы айта білуге,әңгімелеуге тәрбиелеу.Жіптен ұстасып шеңбер бойымен жүру. Шектелген сызықтармен ( ені 25 см , ұзындығы 2 м ) түзу жолмен жүру .</p>	<p>"Таным" <b>1.Жаратылыстану</b> <b>Тақырыбы:</b> «Бақшадағы көкөністер» <b>Мақсаты:</b> Балаларды жылдың «күз» мезгілі және оның ерекшеліктерімен (жаңбыр, жапырақтар сарғайып түседі, жаңбыр жауады т.б) таныстырып, табиғат құбылыстарына қызығушылығын арттырып, әдемілікті сезінуге деген сүйіспеншіліктерін қалыптастыру. Көргендерін суреттен беруге дағдыландыру арқылы сөйлем құрап айта білуге бейімдеу. Балаларды көкөніс түрлерімен таныстырып, оларды бір – бірімен түсі, пішіні, дәмін ойын арқылы ажырата білуге</p>	<p>"Шығармашылық" <b>1. Музыка</b> <b>Тақырыбы:</b> «Бұл алтын күз» А.Досмағамбетова <b>Мақсаты:</b> Күз туралы балаларға толығымен түсіндіру, әнді қайталату. Музыкалық – ырғақты қимыл: «Қолшатыр» биі <b>"Денсаулық"</b> <b>2.Дене шынықтыру</b> <b>Тақырыбы:</b> «Бақшада» <b>Мақсаты:</b> Күз мезгілінің ерекшеліктері туралы айта білуге,әңгімелеуге тәрбиелеу.Жіптен ұстасып шеңбер бойымен жүру. Шектелген сызықтармен ( ені 25 см , ұзындығы 2 м ) түзу жолмен жүру .</p>

	<p><b>Тақырыбы:</b> «Жаңбыр тамшылары»</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға кылқаламды сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіруді үйрету. Қылқалам мен бояуды пайдаланып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, қолдың қимыл қозғалыстарын дамыту, ұқыпты сурет салуға тәрбиелеу.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдер:</b> көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап, сурет салу, қорытынды.</p> <p><b>Шаттық шеңбері:</b> Армысың шұғылалы нұрлы күн! Армысың мейірімді жер – ана! Сәлеметсіздер ме қонақтар. Бәріміз күндей жарқырайық! Бәріміз тату –</p>		<p>Тапсырма арқылы жүгіру «торғайлар мен автомобильдер».</p> <p><b>Әдіс-тәсілдер:</b> көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап, құрастыру, қорытынды.</p> <p><b>Шаттық шеңбері:</b> Алақанды ашайық Күннің көзін жасайық Таза ауаға қол сермеп Жүрек жылуын жасайық Мейірімділік шоғын біз Қонақтарға шашайық</p> <p><b>Сергіту сәті</b></p> <p>Алма баққа барайық, Алма теріп алайық. Ең үлкен алманың, Анамызға сыйлайық</p> <p><b>Қимылды ойын:</b> "Маған қарай жүгіріңдер"</p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларды шапшандыққа, соқтығыспай жүгіруге үйрету.</p> <p><b>Қорытынды:</b> Сұрақ-жауап.</p>	<p>үйрету.</p> <p><b>Әдіс-тәсілдер:</b> көрсету, түсіндіру, әңгімелесу, сұрақ-жауап, сергіту сәті, қорытынды.</p> <p><b>Шаттық шеңбері:</b> Ашық менің жүрегім, Ылғи күліп жүремін. Бірге ойнап бір жүрер, Достарым көп білемін.</p> <p><b>Сергіту сәті:</b> Топ-топ басайық, Жалаудан күн жасайық, Жаса-жаса алтын күн. Жаса, жаса жарқын күн.</p> <p><b>Сюжеттік рөлді ойын: "Дүкенші"</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Балаларға ұжымдық ойын ойнауға үйрету. Тазалыққа баулу.</p>	
--	--	--	---	---	--

		<p>тәтті болайық!  <b>Кіріспе әңгіме.</b>  <b>Таңғажайып сәт:</b>  (Осы кезеңде топқа есікті Күз ханшайымы келеді)  <b>Сергіту сәті</b>  Күнге қолды созамыз,  Күннен жылу аламыз.  Бойымызға таратып,  Біз көңілді боламыз.  <b>Дидактикалық ойын:</b>  "Жемістер мен көкөністерді ажырат"  <b>Мақсаты:</b>  Жемістер мен көкөністерді ажырата білуге, оларды дұрыс атай білуге үйрету.</p>				
<b>Серуенге дайындық</b>	9.45-10.05	Киімдерін ретімен киюге үйрету. Өздігінен дұрыс киіне білуге үйрету. Аяқ киімдерін оң киюлерін қадағалау. Оларды дұрыс жинау, киімдеріне арналған шкафты білу.				
<b>Серуен</b>	10.05-11.30	<p><b>Бақылау:</b>  <b>Күнді.</b>  <b>Мақсаты:</b> Балаларға күн жылу сәулесін беретіндігін түсіндіру..</p>	<p><b>Бақылау:</b> Аула тазалаушының еңбегін.  <b>Мақсаты:</b> еңбекке деген қызығушылығын арттыру.  <b>2.Еңбек:</b> Аула</p>	<p><b>Бақылау:</b> Бұлтты.  <b>Мақсаты:</b> Балаларға бұлтты жаңбыр жауарда шығатынын түсіндіру.  <b>2.Еңбек:</b> Ауладағы құстарға жем беру.</p>	<p><b>Бақылау:</b> Жаңбырды бақылау.  <b>Мақсаты:</b> Жаңбырдың қатты немесе жай жауып тұрғанын түсіндіру.  <b>2.Еңбек:</b> Ойын алаңын</p>	<p><b>Бақылау:</b> Үйлерді.  <b>Мақсаты:</b> Балаларға үйдің әр түрлі болатынын айту. Биік аласа ұғымдарын бекіту.  <b>2.Еңбек:</b> Ауладағы</p>

		<p><b>2.Еңбек:</b> Балабақша ауласындағы ұсақ тастарды жинау.</p> <p><b>3.Қимылды ойын:</b> "Үшты-үшты."</p> <p><b>4.Жеке жұмыс:</b> Гүлнұрға түстерді ажыратуға үйрету.</p> <p><b>5.Еркін ойындар:</b> Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>	<p>сыпырушыға көмектесу.</p> <p><b>3.Қимылды ойын:</b> "Күн мен жаңбыр"</p> <p><b>4.Жеке жұмыс:</b> Ибрахимге жеке бас гигиена туралы түсіндіріп тазалыққа баулу.</p> <p><b>5.Еркін ойындар:</b> Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>	<p><b>3.Қимылды ойын:</b> "Күн мен түн"</p> <p><b>4.Жеке жұмыс:</b> Дарияға күз туралы өлең жаттату.</p> <p><b>5.Еркін ойындар:</b> Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>	<p>жинауға көмектесу</p> <p><b>3.Қимылды ойын:</b> "Допты домалат"</p> <p><b>4.Жеке жұмыс:</b> Қасымханға жабайы жануарларды айтқызып жаттату.</p> <p><b>5.Еркін ойындар:</b> Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>	<p>жапырақтарды жинау.</p> <p><b>3.Қимылды ойын:</b>Көлік түрлері"</p> <p><b>4.Жеке жұмыс:</b> Әминаға пішіндерді атату.</p> <p><b>5.Еркін ойын:</b> Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>
<b>Серуеннен оралу</b>	11.30-11.50	Аяқ киімдерін кіре беріс жерге шешуге, киімдерін ретімен шешіп, жинап қоюға дағдыландыру. Қолдарын дұрыс жууға үйрету. құрғатып сүртулерін қадағалау.				
<b>Түскі ас</b>	11.50-12.30	Өз орындарына ыңғайлы отыруларын ескерту. Қасықты оң қолдарына ұстауға тәрбиелеу. Асты төкпей мұқият ішуге дағдыландыру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Рахмет сөзін айтқызу.				
<b>Түскі ұйқы</b>	12.30-15.00	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау				
		Балаларды «Қызыл телпек» ертегісімен ұйықтату.	«Әлди-әлди» әуенімен ұйықтату.	Балаларды «Алтын жұмыртқа» ертегісімен ұйықтату.	Жәй психологиялық әуенмен ұйықтату» .	Жәй әуен ырғағымен ұйықтату.
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары</b>	15.00-15.30	Керілу созылу жаттығуларын жасау. Тыныс алу жаттығуларын жасау. Беті қолдарын жуу . Киімдерін ретімен киюге үйрету.				
<b>Бесін ас</b>	15.30-16.00	Балаларды өздіктерінен ұқыпты тамақтануларына, кесені дұрыс, орынды қолдана білуге үйрету. Өз орындарына ыңғайлы отыруларын естеріне салу.				

<p><b>Ойындар, дербес әрекет.</b></p> <p><b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар</b></p>	<p>16.00-16.20</p>	<p><b>Қимылды ойын:</b>"Паравоз. <b>Мақсаты:</b>Балаларды бірінің артына бірі тұрып паравоз сияқты жүруге ,өлең жолдарын қайталап айтуға үйрету.</p> <p>Айшаға үй жануарларының дыбысын салуға үйрету.</p>	<p>Балаларамен үйренген әндерінің сөзін жаттау,әнімен қосылып, бір-бірінен қалыспай айтуға, қимылын орындауға үйрену.</p> <p>Омарға сөздерді анық айтуға үйрету.</p>	<p><b>Ойыншық бұрышындағы жұмыстар:</b> Ойыншықтарды реттеп орындарына қою.Топты жинау жұмыстарын ересектер көмегімен жүргізіп, кейбір еңбек әрекеттеріне ынталандыру.</p> <p>Ералиге киімді ұқыпты киуге үйрету.</p>	<p><b>Сюжеттік рөлдік ойын:</b> "Дүкенші" <b>Мақсаты:</b> ойынды қызығушылықпен ойнауға,қарапайым іс әрекеттерді үлкендер көмегімен орындауға тәрбиелеу.</p> <p>Адинаға өлең қайталап айтқызып музыкаға баулу.</p>	<p><b>Дидактикалық ойын:</b> "Пішіндерді ата" <b>Мақсаты:</b>Ойлануы мен есте сақтауларын дамыту.</p> <p>Дарияға түстерді ажыратуға үйрету.</p>
<p><b>Серуенге дайындық</b></p>	<p>16.20-16.40</p>	<p>Бір-біріне жәрдемдесуге дағдыландыру. Киімдерін ретімен киуге үйрету. Аяқ кімдерін оң киюлерін қадағалау.</p>				
<p><b>Серуен</b></p>	<p>16.40-17.40</p>	<p><b>Күзгі жапырақтарды бақылау.</b> <b>Мақсаты:</b>.. <b>Қимылды ойын:</b> "Ақ қоян" <b>Мақсаты:</b> Балаларды жылдамдыққа,мықтылыққа баулу. <b>Еркін ойындар:</b> Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік</p>	<p><b>Құстарды бақылау.</b> <b>Қимылды ойын:</b> "Тышқан мен мысық" <b>Мақсаты:</b> Балаларды шапшандылыққа ,ширақтылыққа үйрету.Бір-бірімен жақсы қарым-қатынаста болуға шақыру. <b>Еркін ойындар:</b> Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>	<p><b>Бұлтты бақылау.</b> <b>Қимылды ойын:</b> "Қаздар" <b>Мақсаты:</b> Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру. <b>Еркін ойындар:</b> Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>	<p><b>Бұлтты бақылау.</b> <b>Қимылды ойын:</b> "Допты домалату" <b>Мақсаты:</b> Балаларға бір-біріне допты домалатып ойнауға деген қызығушылықтарын арттыру. . <b>Еркін ойындар:</b> Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.</p>	<p><b>Адамдарды бақылау.</b> <b>Қимылды ойын:</b> "Өз үйінді тап" <b>Мақсаты:</b> Балаларды бір-біріне соқтығыспай жүгіруге, тәрбиеші берген белгісі бойынша қимылды бастауға, бағытты өзгертпеуге,өз орынын табуға үйрету. <b>Еркін ойындар:</b> Тәрбиеші балаларды қалаған ойындарын ұйымдастырып,жетекшілік жасайды.</p>

		ұйымдастырып, жетекшілік жасайды.				
<b>Серуеннен оралу</b>	17.40- 18.00	Киімдерін ретімен шешу. Қолдарын сабындап жуу. Киімдерін, аяқ киімдерін жинап қоюларын қадағалау.				
<b>Балалардың үйге қайтуы.</b>	18.00- 18.30	Балаларды үйге кетуге рұқсат сұрауға үйрету арқылы тілдерін дамыту.	Балабақшада не үйренгендерін сұрай отырып, балалармен күнделікті сөйлесіп отыруларына ата- аналарға кеңес.	Аптадағы тақпақты қайталатуға айту	Ата - аналарға төлем ақыларын айту.	Демалыстарына сәттілік тілеу.